

**Түркістан облысы денсаулық сақтау басқармасының «Түркістан қалалық орталық аурұханасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны ұжымының жалпы жиналыс
Х А Т Т А М А С Ы**

Түркістан қаласы

27.08.2024 жыл

Төрағалық етуші Түркістан облысы денсаулық сақтау басқармасының «Түркістан қалалық орталық аурұханасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнын (Бұдан әрі – Кәсіпорны) басшысының орынбасары Г.А.Конысова.

Баяндамашы: С.А.Абдиев,

Қатысқандар: Кәсіпорынның бөлім менгерушілері, әкімшілік қызметкерлері.

Күн тәртібінде:

1. «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс қызметі» (2015 жылғы 18 қарашадағы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы ҚР Заңының 16-бабы), «Казимемлекеттік сектор субъектілеріндегі сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтер туралы үлгілік ереже», ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агеттігі Төрағасының 2023 жылғы 31 наурыздағы №112 бүйрүғы);

Төрағалық етуші күн тәртібіндегі мәселелер бойынша баяндамашыға сөз берді.

Баяндамашы С.А.Абдиев «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс қызметі» (2015 жылғы 18 қарашадағы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы ҚР Заңының 16-бабы) тақырыбы бойынша баяндағы:

Кәсіпкерлік субъектілері өз қызметін жүзеге асыру кезінде сыйбайлас жемқорлықтың алдын алу жөнінде, оның ішінде сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды барынша азайту бойынша:

1. Шешімдер қабылдау рәсімдерінің есептілігін, бақылауда болуын және ашықтығын қамтамасыз ететін ұйымдық-құқықтық тетіктерді белгілеу;
2. Адал бәсекелестік қағидаттарын сақтау;
3. Мұдделер қақтығыстарын болғызбау;
4. Искерлік әдеп нормаларын қабылдау және сақтау;
5. Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру жөніндегі шараларды қабылдау;

6. Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу мәселелері бойынша мемлекеттік органдармен және өзге де үйымдармен өзара іс-қимыл жасау арқылы шаралар қабылдайды.

Кәсіпкерлік субъектілері үшін сыбайлас жемқорлықтың алдын алу жөніндегі стандарттарды кәсіпкерлік субъектілерінің бірлестіктері (кауымдастықтары, одактары) әзірлеуі және қабылдауы мүмкін.

Квазимемлекеттік сектор субъектісінде негізгі міндеті осы үйымның және оның жұмыскерлерінің Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнамасын сақтауын қамтамасыз ету болып табылатын құрылымдық бөлімше немесе сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің функцияларын атқаратын жауапты адам айқындалады. Бұл ретте сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің функцияларын атқаратын жауапты адам мұдделердің ықтимал қақтығысы ескеріле отырып айқындалады. (ТО ДСБ «Түркістан қалалық орталық ауруханасы» ШЖҚ МҚҚ-да комплаенс қызметі басшының бұйрығы бойынша С.А.Абдиевке жүктелген).

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет қызметінің негізгі мақсаты квазимемлекеттік сектордың тиісті субъектілері мен оның қызметкерлерінің Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнамасын сақтауын қамтамасыз ету, сондай-ақ сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-шаралардың іске асырылуына мониторинг жүргізу болып табылады.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің міндеттері:

- 1) квазимемлекеттік сектор субъектілері мен оның қызметкерлерінің сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды ескерту және алдын алу құралдарын енгізуін қамтамасыз ету;
- 2) квазимемлекеттік сектор субъектісінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі шаралар жүйесін тиімді іске асыру;
- 3) квазимемлекеттік сектор субъектісінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізуді қамтамасыз ету;
- 4) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша сыртқы реттеу талаптарының және үздік халықаралық практиканың сақталуын қамтамасыз ету;
- 5) Заңға сәйкес, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың негізгі қағидаттарының сақталуын қамтамасыз ету;

Квазимемлекеттік сектор субъектісі сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс функцияларын енгізу және жүзеге асыру кезіндегі қағидаттар жарияланды.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет өз өкілеттіктерін квазимемлекеттік сектор субъектісінің атқарушы органынан, лауазымды адамдарынан тәуелсіз жүзеге асырады, директорлар кеңесіне, байқау кеңесіне (ол болған кезде) немесе өзге де тәуелсіз басқару органына есеп береді және Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнамасы талаптарының сақталуын қамтамасыз ету кезінде тәуелсіз болып табылады. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметінің құзыреті, қызметін ұйымдастыру мен оның тәртібі квазимемлекеттік сектор субъектісінің ішкі актісінде айқындалады.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті орган кәсіпкерлік жөніндегі уәкілетті органмен келісу бойынша квазимемлекеттік сектор субъектілеріндегі сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтер туралы үлгілік ережені әзірлейді және бекітеді.

ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агеттігі Төрағасының 2023 жылғы 31 наурыздағы №112 бұйрығы негізінде «Түркістан қалалық орталық ауруханасы» ШЖҚ МҚК-да басшының бұйрығымен Кәсіпорынның лауазымды тұлғалар мен қызметкерлердің мұдделер қақтығысын реттеу ережелері бекітліген. Ережелер 11 тармақтан тұрады:

1. Қолдану саласы;
2. Терминдер мен анықтаулар;
3. Жалпы ережелер;
4. Мұдделер қақтығысын басқару қағидаттары;
5. Мұдделер қақтығысын реттеу үдерісі шеңберінде Кәсіпорынның лауазымды тұлғалары мен қызметкерлерінің міндеттері;
6. Мұдделер қақтығысы туралы мәліметтерді ашу;
7. Мұдделер қақтығысын реттеу;
8. Мұдделер қақтығысының жағдайы;
9. Бұзушылық туралы хабарлау;
10. Жаупатылық;
11. Қорытынды ережелер;

Квазимемлекеттік сектор субъектілері болып табылмайтын кәсіпкерлік субъектілері сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтер құруға құқылы.

Банядамашы сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтердің есептілігі жөнінде ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агеттігінің 2023 жылғы 31 наурыздағы №112 бұйрығы бойынша толық мәлімдеме жасады.

Жиналысқа қатысушылар сұраптар қойып, қанағаттанарлық жауптар алды.

Жиналыс төрайымы

Жиналыс хатшысы

Г.А.Конысова

Н.Жайсанбаев

